

Ойыл

ӘМІРБЕК РАХИМОВ - «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИНІҢ ЖОЛДАМАСЫН ЖЕҢІП АЛДЫ!

ӨТКЕН ДЕМАЛЫС КҮНІ АҚТӨБЕДЕГІ «ЖЕКПЕ-ЖЕК» СПОРТ КЕШЕНІНДЕ ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ӨТКЕН «АҚТӨБЕ БАРЫСЫ» ОБЛЫСТЫҚ ІРІКТЕУ ТУРНИРИ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. БҰЛ ЖАРЫС – ҰЛТТЫҚ СПОРТТЫҢ МӨРТЕБЕСІН АРТТЫРЫП, ПАЛУАНДАРДЫҢ ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ ДОДА ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ – 2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИНЕ ҮЗДІКТЕРДІ ІРІКТЕУ КЕЗЕҢІ.



Турнирге облыстың әр өңірінен 14 үздік палуан қатысып, боз кілемде өзара мықтыны анықтады. 2026 жылы өткен қазақ күресінен «Қазақстан барысы» республикалық турниріне Ақтөбе облысының іріктеу жарысында Ойыл ауданының намысын екі палуан – Әмірбек Рахимов пен Қуанышбек Қазанғалиев қорғады.

Дүбірлі додада бозкілемде төрт рет белдескен Әмірбек Рахимов жоғары шеберлік танытып, қарсыластарының бәрін айқын басымдықпен жеңді. Ақтық белдесуде байырғы «қарсыласы» ақтөбелік Ерасыл Амангелдімен кездесіп, таза жеңіске жетті. Сөйтіп екеуі 15 тамыз күні Астана

қаласында өтетін «Қазақстан барысы» республикалық турнирінің финалдық кезеңіне жолдама жеңіп алды. Осылайша Ойылдың абыройын асқақтатқан палуан Әмірбекті жарқын жеңісімен шын жүректен құттықтаймыз! Алда өтетін республикалық турнирде жеңіс тұғырынан көрініп, енді Ойылдың ғана емес,

облыстың намысын абыройлы қорғап, сенімін ақтауына тілектеспіз! Айта кетейік, еліміздің ең үздік балуандары бас қосатын дәстүрлі «Қазақстан барысы» турнирінің финалдық кезеңі 15 тамызда биыл да Елордада өтеді.

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

ҚАҒЫРЫМДЫЛЫҚ ТУРНИРІ - ҮШ ОТБАСЫҒА КӨМЕК

Өткен аптада Халықаралық жастар күніне орай Ойыл аудандық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жастар арасында шағын футболдан “Football Cup” қайырымдылық футбол турнирі деңгейде өтті. Жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, достық пен ауызбіршілікті нығайту және қайырымдылық мәдениетін дәріптеуді көздеген турнирге аудандық Жастар ресурстық орталығының бастамасына қолдау білдіріп, акцияға атсалуды тырысқан төрт команда қатысты.

Тартысты өткен турнирдің нәтижесінде бас жүлдені «Ойыл жастары» командасы иеленсе, «Қайрат» командасы командасы екінші жүлдеге қол жеткізді. «Жастар» командасы болса, турнирдің қол жүлдегері болды. Турнир барысында жиналған қаражатқа Ойыл ауданындағы көпбалалы және әлеуметтік жағдайы төмен 3 отбасыға азық-түлік себеттері табысталды. Турнирге белсенді қатысқаны үшін «Қарасу» командасы арнайы алғыс хатпен марапатталды.



ҚАҒЫҢДЫДА ТӨРТ ЖАҢА ПӘТЕР



Жыл басынан бері Қайыңды ауылында жаңа төрт пәтер пайдалануға берілді. Мемлекеттік бағдарлама негізінде «Отбасы банкі» арқылы қаржыландырылған жаңа тұрғын үйлердің екеуіне мүмкіндігі шектеулі азаматтардың отбасы орналасса, екеуі тұрғын үйлері апаттық жағдайдағы отбасы мүшелеріне берілді. Төртінші пәтердің кілтін ауылдық округ әкімі Дәурен Бисебаев өткен жексенбі күні табыстады. Бұл – тұрғындардың өмір сүру

сапасын арттыруға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі. Жаңа баспананың кілтіне ие болған отбасылардың қуанышына ортақтасып, оларға шаңырақтарына құт-береке, бақ-дәулет және баянды бақыт тілеген әкім ауылдың дамуы мен тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да өз жалғасын табатындығын жеткізді. Өйткені, ауылда биыл да тағы төрт жаңа пәтер салынып жатыр.

ҚҰРЫЛТАЙ САЙЛАУЫ - 2026

Сайлаушылар тізімдерінде өзіңізді қалай тексеруге болады?



2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Өрбір азамат өзі туралы сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді оның тұрғылықты жері бойынша құрылған сайлау учаскелерінің үй-жайларында дауыс беретін күнге он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап тексере алады. Әскери бөлімдерде, шалғай және қатынасу қиын аудандарда, демалыс үйлерінде, санаторийлік-курорттық ұйымдарда, үздіксіз жұмыс істейтін өндірісі бар ұйымдарда, жұмысты вахталық әдіспен ұйымдастыру орындарында, қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде, Қазақстан Республикасының шет мемлекеттердегі өкілдіктерінің жанынан құрылған сайлау

учаскелерінде сайлаушылар тізімдермен дауыс беру күніне бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 17 тамыздан бастап таныса алады. Тізімге енгізілмеген, дұрыс енгізілмеген немесе тізімнен шығарып тасталған, сондай-ақ дәлсіздік жіберілген жағдайда азамат сайлау комиссиясына сайлаушылар тізімдеріндегі деректерді түзету қажеттігі туралы шағымдануға құқылы. Түзетуді немесе тізімге енгізуді сайлау комиссиясы дереу жүргізеді. Сайлау комиссиясы өтініш мақұлданбаған жағдайда азаматқа оның өтінішінің мақұлданбағаны туралы уәжді шешімнің көшірмесін дереу береді. Шешім бойынша сайлау комиссиясы орналасқан жердегі сотқа шағым жасалуы мүмкін, сот шағымды келіп түскен күні қарайды. Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

СЕМИНАР САЙЛАУДЫ САПАЛЫ ӨТКІЗУГЕ ҮЙРЕТЕДІ



2026 жылдың 30 шілдесі күні Ақтөбе облыстық аумақтық сайлау комиссиясының Нұрлыбек Жүсіповтің қатысуымен аудандағы 25 сайлау учаскесінің төрағалары, төрағаның орынбасары мен комиссия хатшыларымен 23 тамызға тағайындалған Қазақстан Республикасы Құрылтайы депутаттарының сайлауын әзірлеу мен өткізу мәселелері бойынша оқыту семинары өткізілді. Семинар барысында қатысушыларға Қазақстан Республикасының жаңа Кон-

ституциясы мен «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға енгізілген өзгерістер түсіндіріліп, кейстік тапсырмалармен жұмыс және тестілеу өткізілді. Семинардың өтуі кезінде қатысушылардың сұрақтарына толыққанды жауаптар берілді. Семинарға аудандық аумақтық сайлау комиссиясының мүшелері мен учаскелік сайлау комиссияларының төрағалары, төрағаның орынбасары мен комиссия хатшылары қатысты.



МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ ГРАНТЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КАДР МӘСЕЛЕСІН ШЕШЕ АЛА МА?

ҚАЗАҚСТАН ЖЫЛ САЙЫН ЖОҒАРЫ БІЛІМІ БАР МАМАНДАР ДАЯРЛАУҒА ОНДАҒАН МИЛЛИАРД ТЕҢГЕ БӨЛЕДІ. СЕГІЗ ЖЫЛДА МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТ САНЫ 51 МЫҢНАН 78 МЫҢҒА ӨСТІ. ДЕГЕНМЕН, БҰДАН ЭКОНОМИКАҒА ҚАЖЕТ МАМАНДАР ШЫҒЫП ЖАТЫР ДЕЙ АЛАМЫЗ БА? KAZINFORM ТІЛШІСІ СҰРАҚТЫҢ ЖАУАБЫН ІЗДЕП КӨРДІ.

Мемлекет не үшін грант бөледі?

Еңбек нарығы ел экономикасына қажет көлемде және бағытта мамандар шоғырын қалыптастыруға қауқарсыз. Бұл — Германиядан бастап Аустралияға дейінгі барлық мемлекет бетпе-бет келіп отырған нарықтық экономиканың заңдылығы. Өйткені талапкер өзінің қызығушылығына, ата-анасының кеңесіне, таңдаған мамандығының мәртебесі мен болашағына байланысты таңдау жасайды. Алайда экономиканың ұзақмерзімді қажеттілігіне бағдар жасап, он жылдан кейін қандай мамандықтардың маңызы арта-тынын ойланбайды. Осыдан кеп жастардың қалауы мен мемлекеттік стратегиялық сұранысы сай келмей, жүйеде алшақтық пайда болады. Бұл өз кезегінде сұранысқа ие салаларда маман тапшылығына әкеп соғады. Мемлекеттік білім беру тапсырысы дәл осы алшақтықты жоюға бағытталған. Жұмыс істеу принципі оңай: мемлекет тапшы санаған бағыттар бойынша ғана тегін оқу мүмкіндігі беріледі. Өлемдік тәжірибеде мәселені шешудің бірнеше жолы белгілі. Германияда дуалды білім беру жүйесі жолға қойылған. Ол бойынша студент дайындауға жұмыс берушілер тікелей араласады. 1,22 миллион адам келісімге сәйкес бір уақытта оқып та, кәсіпорында жұмыс істеп те жүр. Сингапур нақты уақыт форматында қандай дағдыларға сұраныс жоғары екенін бақылап отыратын, әрбір азаматқа жеке даму бағыттарын ұсынатын SkillsFuture ұлттық жүйесін құрды. Финляндия еңбек нарығындағы қажеттілікті болжауды білім беруді мемлекеттік жоспарлау жүйесіне енгізген. Мұның бәрі мынаны көрсетеді: мемлекет білім саласын қаржыландырып қана қоймай, оны экономикамен үйлестіреді. Қазақстан таңдаған үлгі — орталықтандырылған білім беру тапсырысы. Бұл жүйе нарықты болжауға, жұмыс берушілердің сұранысын зерттеуге және түлектердің грантты міндетті түрде жұмыспен өтеуіне негізделген. Оның қалай жұмыс істеп жатқанын зерттеп, талдау барысында көруге болады.

Шешім қалай қабылданады: жұмыс берушілердің сұранысынан министрліктің кестесіне дейін

Мемлекеттік білім беру грантын мамандықтар бойынша бөлу — күрделі әрі бірнеше сатылы процесс. Бұл процестің алғашқы қадамы жыл сайын кадр мәселесінде ортамерзімді болжам жасап отыратын Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінен басталады. Министрліктің сұранысына қарай таяу жылдары қандай мамандықтарға сұраныс болатыны анықталады. Осылайша білім саласында шешім қабылданады. — Болжам әзірлеуде экономика салаларының қажеттілігіне, еңбек нарығындағы жағдайға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, демографиялық және сала-лық даму бағыттарына талдау жасалады, — делінген Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитетінің Kazinform агенттігіне жолдаған хабарламасында. Сондай-ақ еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіндегі мәлімет, жү-

мыспен қамту және көші-қон статистикасы, салалар бойынша болжам ескеріледі. Қағаз жүзінде бұл — кадр тапшылығын ерте ескертудің толыққанды жүйесі. Онымен бір мезгілде басқа бағытта жұмыс атқарылады. — «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы аймақтық деңгейде жұмыс берушілер арасында жыл сайын сауалнама өткізеді. Жұмыс берушілер таяу жылдарда сұранысқа ие болатын мамандықтар бойынша кадр қажеттілігін хабарлайды, — деп атап өтті ведомство. Қосымша ақпарат көзі — электронды еңбек биржасы. Жоғарыда аталған мәліметтер негізінде Ғылым және жоғары білім министрлігі мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастырады. Болжам мен еліміздің дамуы жөніндегі стратегиялық құжаттарды, яғни индустрияландыру, цифрландыру, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламалары негізінде білім гранттары бөлінеді. Кадр қажеттілігін тек болжауға болады. Экономика бюрократиялық болжам машинасынан тез өзгереді. Жұмыс берушілер сауалнама барысында алдағы екі-төрт жылдың қажеттілігін ұсынады. Ал осы мәлімет бойынша бүгін оқуға түскен студенттер төрт жылдан соң нарыққа шығады. Электронды еңбек биржасы тек қазір бар мамандықтарға сұранысты көрсетеді. Өлі пайда болмаған жаңа кәсіптерді болжай алмайды. Стратегиялық құжаттар еңбек нарығының шынайы қажеттілігімен сай келе бермейтін саяси басымдықты бейнелейді.

Сегіз жыл: цифрлар қалай өзгерді?

2018 жылы мемлекет 50 616 мемлекеттік білім грантын бөлді. 2024 жылға қарай бұл көрсеткіш 78 219-ға, яғни алты жыл бұрынғыдан 55%-ға өсті. Одан кейін сөл төмендегені байқалады: 2025 жылы — 77 084 грант, 2026 жылға 72 671 грант жоспарланған. Мұның себебі жоқ емес. 2022-2023 жылдары (73 061 грант) тапсырыс аясының күрт кеңеюіне байланысты мемлекет мұны қайта ретке келтіруге көшті. Мәселе бюджеттік шектеуге ғана байланысты емес, құрылымдық өзгерістер саннан маңызды. Егер оқыту бағыттарына қарасақ, жағдай айқындала түседі. 2019 жылдан бастап «Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика» бағытында бөлінген грант саны 125%-ға артқан. «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» бойынша 98%, «Педагогикалық ғылымдар» бағытында 40%, «Инженерлік, өңдеу және құрылыс» салаларында 27%, «Ветеринария» бойынша 53%-ға көбейген. Ал гуманитарлық бағыттарға тоқырау төн, соңғы он жылда медициналық гранттар саны 7%-ға қысқарған (денсаулық сақтау саласы Денсаулық сақтау министрлігі арқылы қаржыландырылады). Грант санының ең шарықтау шегі — 2024 жыл, одан кейін көрсеткіштің күрт төмендегенін байқаймыз. Оған мемлекеттің қаржылай мүмкіндігі жетпеген болуы мүмкін немесе мемлекет гранттың сапасы мен тиімділігін көтермей санын арттырғаннан нәтиже шықпайтынын түсінді.

Инженерлерге басымдық: гранттарды бөлудің жаңа қағидаты

Бүгінде барлық мемлекеттік

гранттың 60%-ы инженерлік, аграрлық және аралас техникалық бағыттарға бөлінген. Ал 21%-ы педагогикаға, 19%-ы қызмет көрсету, бизнес, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарының үлесінде. — Мемлекеттік білім беру тапсырысын қалыптастыруда ірі инвестициялық жобаларды іске асыру, жасанды интеллектті дамыту, экономика салаларын цифрландыру, сондай-ақ энергетика, логистика және өнеркәсіп салаларын жаңғырту жайы ескеріледі, — деп атап өтті Комитет. Инженерия және өнеркәсіп. Қазақстан ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырып жатыр, оның ішінде жолдар, көпірлер салынып, өндіріс ауқымы кеңейіп келеді. Өңдеу өнеркәсібі аясының ұлғаюы жай ғана жұмыс күшін емес, сапалы техникалық мамандарды қажет етеді. Одан бөлек атом электр станциясының құрылысы аяқталған соң ядролық инженерлер мен ядролық қауіпсіздік мамандары керек болады. Жасанды интеллект және цифрландыру. Бұл — жаһандық тенденция. Ведомство алдағы жылдары жасанды интеллект деректерді талдау, киберқауіпсіздік, цифрлық қаржы, DevOps, өнеркәсіптік автоматтандыру және цифрлық егіздер басымдыққа ие болатынын алға тартып отыр. Бүкіләлемдік экономикалық форумның мәліметінше, 2030 жылға қарай әлем бойынша жұмыс күшінің 60%-ға жуығының біліктілігін көтеруге тура келеді. Ең алдымен, цифрлық сауаттылық саласына басымдық беріледі. Қазақстан осы өзгеріске ілесіп келеді, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша грант саны екі есе көбейген. Авиация және логистика. Қазақстанның географиялық тұрғыда еуразиялық көлік дәлізінің кіндігіне орналасуы логистика саласының стратегиялық тартымдылығын күшейтеді. Ведомство сұраныс жоғарылаған нақты бағыттарды тізбектей келе, авиация ұшқыштар ғана емес, мыңдаған маманнан тұратын үлкен жүйе екенін атап өтті. Оның ішінде авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, ұшақтарға техникалық қызмет көрсететін инженерлер, әуе қозғалысын реттейтін диспетчерлер және операторлар бар. Дрон индустриясы мен авиация саласының қарқынды дамуы отандық жоғары оқу орындарында бес жыл бұрын мүлдем болмаған жаңа мамандықтарға сұранысты арттырып отыр. Су ресурстары және климаттық технологиялар. Талқылау кезінде тасада қалып келе жатқан бағыттардың бірі осы болар, бәлкім. Орталық Азия су тапшылығы қатты сезілетін аймаққа кіреді. Болжам бойынша 2050 жылға қарай тіршілік нәріне қажеттілік күрт артады. Педагогика. Грант санының 40%-ға өсуі жылдан-жылға жалғасып келе жатқан мұғалім тапшылығын көрсетеді. Бұл мәселе әлем елдерінің көпшілігіне таныс. ЭЫДҰ жариялаған педагогтар мұқтаж мемлекеттер тізімінде Қазақстан да бар.

Гуманитарлық ғылымдар «өлді» ме, әлде рөл ауысты ма?

Гуманитарлық және әлеуметтік бағыттағы гранттар үлесін азайту себебін мемлекет

әдетте «мемлекет гуманитарлық білімнен бас тартты» деп түсіндіреді. Бұл — мән-жайды жан-жақты нақтылауды талап ететін қарабайыр тұжырым. Мемлекет бұл бағыттарды бұрынғыдай субсидиялауды тоқтатады. Бірақ заңгер, экономист және әлеуметтанушылар ақылы негізде оқи береді. Бұл мамандықтарға сұраныс бюджеттің қолдауынсыз да реттеледі. Біріншіден, түлектердің 24,6%-ы деректерді тіркеу кезінде жұмыспен қамтылмаған. Оның бір бөлігі оқуын жалғастырған (магистратура, аспирантура), енді бірі жұмыс іздеп жүрген, тағы бірі бала күтімімен еңбек демалысында немесе басқа да себептермен еңбек нарығынан шет қалған болуы мүмкін. Екіншіден, 75,4%-ы мамандық бойынша емес, жалпы жұмысқа орналасу көрсеткіші. Мемлекет грант бөлінген мамандықта еңбек етіп жүргендердің нақты үлесі белгісіз. Бұл цифр белгілі болғанда жүйенің тиімді көрсеткіші болар еді. Үшіншіден, түлектердің жалқы көлемі туралы мәлімет жоқ. Білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының сұранысына сәйкестігін айқындаудың ең тиімді әдісі — түрлі мамандықтар бойынша ЖОО түлектерінің оқуды аяқтағаннан кейінгі 3-5 жылдағы еңбекақы деңгейін талдау. Алайда, ашық дерек көздерінен мұндай мәліметті таппайсыз.

Өлемдік тәжірибе: басқа елдер білім саласын нарыққа қалай бейімдеп отыр?

Германия қосбағытты оқыту жүйесіне басымдық берген: 1,22 миллионға жуық білім алушы бір мезгілде кәсіби мектептерде оқып, кәсіпорындарда келісімшарт бойынша жұмыс істеп жүр. Немістің кәсіптік білім жүйесінде оларды жұмыспен қамту деңгейі 92,2% шамасында. Орташа еуропалық көрсеткіш 80% десек, бұл одан да жоғары болғаны. Алайда неміс моделінің де кемшілігі бар: дуалды білім жүйесіне қатысушылар санының көп болуына қарамастан кәсіби маманданған кадр қат. Цифрлы экономикаға көшкеннен кейін дәстүрлі салаларға ғана иек арту жүйенің қауқарсыз екенін көрсетті. Сингапурдың таңдаған жолы бөлек. SkillsFuture бағдарламасы дағдыларға сұранысты үшке бөледі: кезек күттірмейтін, қысқа және орта мерзімді қажеттілік. Жүйе тұрақты түрде жаңарып отырады. Жас мамандарды ғана емес, жұмыс істеп жүрген үлкендерді де қамтиды. Бұл оның нарықтағы өзгерістерге дайындығын көрсетеді. 2030 жылға қарай әлемдегі жұмыс күшінің 60%-ға жуығының біліктілігін көтеруге тура келеді. Сингапурлық жүйе осы сын-тегеурінге жауап беру мақсатында құрылған. Оңтүстік Корея мемлекеттік реттеу мен университеттер арасындағы қызу бәсекені шебер үйлестіре білген. Түлектердің жұмысқа орналасуы жөніндегі әрбір ЖОО мен мамандық бойынша мәлімет жарияланып тұрады. Бұл бітірушілері жұмыс таппай жүрген университеттерде ақпараттың шынайы түрде түзуге мүмкіндік береді. Аустралия мемлекеттік қолдау, яғни ваучерлер мен субсидия жүйесін тек ең қажетті мамандықтарға қолданады. Ең маңыздысы — бұл тізім нарықтағы жағдайға байланысты арнайы жүйе арқылы үнемі жаңарып, өзгеріп отырады.

алған 58 233 түлектің 43 927-сі немесе 75,4%-ы жұмысқа орналасқан. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім комитеті жүйенің тиімді көрсеткіші ретінде осы цифрды алға тартты. Былай қарағанда жаман емес. Бірақ бұл шынайы жағдайдың дәлелі емес. Біріншіден, түлектердің 24,6%-ы деректерді тіркеу кезінде жұмыспен қамтылмаған. Оның бір бөлігі оқуын жалғастырған (магистратура, аспирантура), енді бірі жұмыс іздеп жүрген, тағы бірі бала күтімімен еңбек демалысында немесе басқа да себептермен еңбек нарығынан шет қалған болуы мүмкін. Екіншіден, 75,4%-ы мамандық бойынша емес, жалпы жұмысқа орналасу көрсеткіші. Мемлекет грант бөлінген мамандықта еңбек етіп жүргендердің нақты үлесі белгісіз. Бұл цифр белгілі болғанда жүйенің тиімді көрсеткіші болар еді. Үшіншіден, түлектердің жалқы көлемі туралы мәлімет жоқ. Білім беру бағдарламаларының еңбек нарығының сұранысына сәйкестігін айқындаудың ең тиімді әдісі — түрлі мамандықтар бойынша ЖОО түлектерінің оқуды аяқтағаннан кейінгі 3-5 жылдағы еңбекақы деңгейін талдау. Алайда, ашық дерек көздерінен мұндай мәліметті таппайсыз.

Өлемдік тәжірибе: басқа елдер білім саласын нарыққа қалай бейімдеп отыр?

Германия қосбағытты оқыту жүйесіне басымдық берген: 1,22 миллионға жуық білім алушы бір мезгілде кәсіби мектептерде оқып, кәсіпорындарда келісімшарт бойынша жұмыс істеп жүр. Немістің кәсіптік білім жүйесінде оларды жұмыспен қамту деңгейі 92,2% шамасында. Орташа еуропалық көрсеткіш 80% десек, бұл одан да жоғары болғаны. Алайда неміс моделінің де кемшілігі бар: дуалды білім жүйесіне қатысушылар санының көп болуына қарамастан кәсіби маманданған кадр қат. Цифрлы экономикаға көшкеннен кейін дәстүрлі салаларға ғана иек арту жүйенің қауқарсыз екенін көрсетті. Сингапурдың таңдаған жолы бөлек. SkillsFuture бағдарламасы дағдыларға сұранысты үшке бөледі: кезек күттірмейтін, қысқа және орта мерзімді қажеттілік. Жүйе тұрақты түрде жаңарып отырады. Жас мамандарды ғана емес, жұмыс істеп жүрген үлкендерді де қамтиды. Бұл оның нарықтағы өзгерістерге дайындығын көрсетеді. 2030 жылға қарай әлемдегі жұмыс күшінің 60%-ға жуығының біліктілігін көтеруге тура келеді. Сингапурлық жүйе осы сын-тегеурінге жауап беру мақсатында құрылған. Оңтүстік Корея мемлекеттік реттеу мен университеттер арасындағы қызу бәсекені шебер үйлестіре білген. Түлектердің жұмысқа орналасуы жөніндегі әрбір ЖОО мен мамандық бойынша мәлімет жарияланып тұрады. Бұл бітірушілері жұмыс таппай жүрген университеттерде ақпараттың шынайы түрде түзуге мүмкіндік береді. Аустралия мемлекеттік қолдау, яғни ваучерлер мен субсидия жүйесін тек ең қажетті мамандықтарға қолданады. Ең маңыздысы — бұл тізім нарықтағы жағдайға байланысты арнайы жүйе арқылы үнемі жаңарып, өзгеріп отырады.

Сәтті модельдерге ортақ нәрсе — қажеттілік туралы болжам ғана емес, нарық, университет және мемлекет арасында орнаған тұрақты кері байланыс. Сонымен қатар өзгерістерге бейімделудің маңызы жоғары.

Нені өзгерту керек?

Қазақстандық мемлекеттік білім беру тапсырысы жүйесі тиімді түрде жұмыс істеп тұр. Алайда оның да өзіндік шектеулері барын ескеру керек. Болжау кезеңі. Елімізде болжам негізінен ортамерзімді көрсеткіштер негізінде жасалады. Алайда 2025 жылы грантпен оқуға түскен студент 2029 жылы, яғни ЖИ пайда болып, жұмыспен қамту құрылымын түбегейлі өзгерткен кезеңде бітіріп шығады. Сондықтан алдағы 10-15 жылға болжам әзірлеудің маңызы зор. Өрекет ету жылдамдығы. Гранттар құрылымының өзгеруі уақытқа тәуелді. Бұйрық қабылдау, оны бекіту, жүзеге асыру — бәрі уақыт алады. Еңбек нарығы тез құбылады. Бұл жерде нарық талабына қарай жыл сайын шұғыл түрде басқа мамандықтарға ауыстырылатын қосалқы (резервтегі) гранттар тетігін іске қосу керек. Сан ғана емес, сапа маңызды. Инженерлік гранттар санының көбеюі жұмыс беруші қажет еткен инженерлердің бітіріп шығатынына кепілдік бермейді. Демек, бізге маман дайындаудың сапасын арттыру үшін тікелей жұмыс берушілермен, яғни индустриямен бірлесіп жасалған ортақ стандарттар керек. Германия мен Оңтүстік Корея тәжірибесі көрсеткендей, жұмыс берушілер сауалнамаға ғана емес, білім беру бағдарламаларын әзірлеуге де қатысуы тиіс. Мамандықтар бойынша мониторинг жұмысқа орналасудың шынайы көрсеткіші емес. Зейнетақы жарнасы жүйесі — алғашқы қадам. Келесі — жұмыстың мамандыққа сәйкестігін бақылау. Түлек қайда еңбек етіп жүр? Мамандық бойынша ма әлде олай емес пе? Оның табысы қалай өзгерді? Бұл мәліметтер ашық түрде жарияланып, мемлекеттік грант жүйесіне өзгеріс енгізуде пайдаланылуы қажет. ЖИ есебінің әсері. Автоматтандырылған жүйе еңбек нарығындағы сұраныс құрылымын әлден өзгертіп жатыр. Бүгінде грант бөлінген мамандықтардың бір бөлігі 10 жылдан кейін басқаша болады. Бұл осы мамандықтардан бас тарту керек дегенді білдірмейді. Өйтсе де, сыни ойлау, тіл табысу қабілеті мен кез келген өзгеріске бейімделу сияқты болашақта роботтар мен автоматтар алмастыра алмайтын дағдыларды оқу бағдарламаларына міндетті түрде қосуды ескерген жөн. Қорыта айтқанда, еліміздің мемлекеттік білім беру тапсырысы жүйесі ұзақмерзімді болжамды мәліметтерді қамтитын, еңбек нарығының талабына шұғыл жауап беретін әрі сапа стандартына негізделген стратегиялық басымдыққа ие болуы маңызды. Бұған дейін қазақстандық студенттерге биыл 90 мыңдай грант бөлінгенін жазған едік. Гранттар бөлінісінде инженерлік, IT, аграрлық, педагогикалық, және жаратылыстану ғылымдарына басымдық берілді.

Назәрке САНИЯЗОВА. kazinform.kz

ҚҰАН ДЫҚ ТҮМЕНБАУ

Мұса тойдан торығып қайтты, торықса да бір жалқын сәуле көкірегінде жылт етіп жарық шашып қалды, сол сәуленің жетегінде аяғын жеңіл алып, үйге шаршамай жетті. Талай тойды көрді, талай тойдың көркі болды, бірақ фонограммамен әуен лекіткен әншілерге жетер шама жоқ, тойдың көркі солар боп тұр. Бірақ, қара домбыра өзін жерге қаратқан емес, қос ішекті бипаздап шерткенде жұрт жапатармағай қол соғып, ілуде біреу «Өйда!» - деп даусын шығарып, дем беріп отырады. Эстраданы аңсап отырғандар да табылмай қалмайды. Дүркіреп қол соққанда: «Күйді аңсайтындар бар екен- ау» деп іші шым ете қалады. Әйтсе де, соңғы отыз жылда сырдаң тартып, ел алдына сирек шығатын болды, мемлекеттік концерттерге күйші бар-ау деп шақырмайды, қобыз бен домбырада өгей баладай мұң бар. Күйсандық пен саксофон, сыған домбыра-гитар мен дүрсілдеген барабаны бар концерт ел-жұрттың құлақ құрышын қандырып жүр. Өзі көбіне сырқат зайыбының қасында отырады, дәрі-дәрмегін беріп, елу жылдан бергі серігінің қамын жасап, сол күлпі сөйлесе, көңілі тоғайып, қабағын түйсе, жүрек тұсы мұздай боп жүрген жайы бар. Арагідік барған тойдан да шаршайды, бәрі жапатармағай сөзжарысқа түседі, сөз шіркіннің обалын ойламайды. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» дейтін ілуде біреу көзге түсіп қалады. Ал, әлгі кісінің аты-жөні кім екен, қарттыққа бет алған қырма сақал. Даң-дұңнан аты-жөнін де жөндеп ести алмады, той иесінің құдасы әлде нағашысы ма, не де болса салмағы бар сырбаз адам, сөзді де алғашқылардың бірі ғып берді. Салбыраған гүлді галстугі де өң-жүзін әспеттеп тұр, әйтеуір қара жаяу емес, атқа мінген біреу, әйтпесе билікке жақын әлдекімнің жамағайны. Сөз саптасы соған келеді. Мұса «Төремұратты» тартып болғасын сол кісі ортаға шығып, тілегін айтып болып, күйшіге ауысты.

- Осы біз қызықпыз, - деп сөз тиегін ағытты. - Енді домбыраға тиісуді бастадық. Домбыраны самолетке алуға болмайды екен. Ол не, өткір пышақ па, жарылғыш зат па? Неге сыған домбыра-гитарды алуға болады? Харамның нағыз өзі сол емес пе? Оу, бұл Құрманғазы мен Дәулеткерей, Дина мен Тәттімбет ұстаған киелі дүние емес пе? Олар домбыраны иен далада арқасына асып, аялап алып жүрген. Оған ешкім де тыйым салмаған. Бұнымен депутаттар айналыссын, ендігі сөзді соларға қалдырайық. Ал, менің айтарым – домбыра мен қобызға ешкім де бөгет бола алмайды. Ол екеуі самолетсіз де күнін көре алады, - деп иығы қайқаң етіп,

сөзін әрі жалғады. - Мына жігіттің есімі Мұса, танып тұрмын, жаңа «Төремұратты» тартты. Оу, бұл күйдің қиыны да күрделісі ғой. Мен қолыма домбыра ұстап көрмеген қазақпын, бірақ күй атаулыны ажырата білем. Бұл күйді екінің бірі тарта алмайды. Есіме түсіп отыр, студент кезінде, бір отырыста осы күйді «вальс королі» Шәмші саған жетірет тартқызғаны. «Құмарым қанбай отыр, тағы бір тартшы», - деп жетіге дейін жеткізді. Сосын «Енді әйел, бала шағамызға барайық», - деп сол әсермен үйді-үйімізге тарадық. Оған да жылжып отыз жыл өтіпті. Сол күйдің күмбірі әлі көкірегімде сорғалап тұр. Жұрт «Адайды» қуып тартады. «Адайды» қуып тартуға болмайды, ол маңғаз даланың өр үні. «Адайға» бап керек. Інім, «Адайды» бір тартшы, - деп Мұса отырған үстелге қарай саусақ ұшын шошайтты. - Келе ғой, інім.

Жұрт жым-жырт, шанышқының шықылы мен төреленің тықылы сап тыйылды. Мұса сырқат зайыбына асығып, топтан сытылып кетсем бе деп отыр еді, тосын сөзді жерге тастамай домбырасын әлпештеп ұстап, ортаға шықты да, егделікке берілмей әлі де тіп-тік боп тұрған кісінің қасына келді.

- Ал, баста, - деді. Күйдің бір туғаны болса да, мына кісінің алдында қипақтап қалды, сосын қос ішекке саусақ тигізіп, желдірте жөнелді. Асықпай бап іздеді, «қуып тартады» деген қасында тұрған кісінің аузынан шыққан сөз ызыңдап құлағынан кетпей қойды. Қос ішекке баппен дем беріп, ширыққан саз өз-өзінен лекілдей төгілді. Күй біткен кезде орнынан тұрып, жұртқа басын иді.

- Тұра тұр, - деді мына кісі оң қолтығынан алып. - Асықпа. Көрдіңіздер ғой, «Адайды» осылай тарту керек. Асып-саспау керек, ел мен жердің мінезін көрсету керек. Ал, енді мына жігіттің көкірегіне қараңыздаршы, тап-таза, бір төсбелгі жоқ. Көкіректің таза болғанына не жетсін! Сені, сол «Төремұратты» тартқалы бері, ұдайы сыртыңнан бақылап жүрем. Қазір алпысты иектеп қалдың, үкіметтен әлі бір алғыс алмапсың. Солай ғой? - дегенде:

- Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған медалім бар ғой, - деп жіп-жіңішке даусымен шынын да, сырын да айтып салды.

- О-о, үлкен марапат алған екенсің, ол бәрімізде бар, - деп миығын тартты. - Осы біз неге «Парасат» орденін парасаты жоқ адамдарға береміз, мысалы, - дей

бергенде:

- Аға, мен асығыс едім, келініңіз сырқат еді, - деп оң қолтығынан алған кісінің қолынан сытылып кетті. Ол сөйлеп қала берді. Сөйтіп, өзінің жетпіс бесі мен әйелінің жетпісін қосып өткізген той иесіне асығыс екенін айтқанда, ол қалтасына қолын салып: «Таксимен қайтыңыз», - деп умаждалған он мың теңге ұстатты. Көңілшектігіне салып, қолын қайтармады. Жүргінші жолымен қайтып келе жатқанда: «Бәрі осы ма?» - деп көңіл шіркін өзіне сұрау сала берді. «Менікі осы «қатын ауру, бала жас, келі түйіп жатырмынның» кері ғой», - деп тағы бір тоқтады. «Күй тартып, жұртшылықты дүрсілкіндірсін де» деп біреу арқылы сөз салып еді, береген емес, суық қол екен. Мейлі, бұйырғаны да, фонограммамен шырқап, миллион сұрайтын әнші емеспін, менің сенгенім – қара домбыра. Қол-аяғым аман болсын. Маған әлгі кісінің айтқан сөзі миллион сомға татиды, домбыра ұстап көрмеген адамнан мұндай сөзді бірінші естуім. «Парасат» орденін парасатты адамдарға беру керек», - деп бастай бергенде... сірә, анау атақты драматург кісінің айтқан сөзін қайталағысы келді-ау деймін. Сол жиналыста мен де болғаным, салтанатты жиында шақырумен бір күй тартқанмын. Сол жолы ұят-ақ болды, бірақ дәл тигізді. Сол кісі айтқанын дәл тигізетін мерген ғой өзі. Құтұрқы қылығымен аты шыққан комерсантқа «Парасат» орденін таққан мәдени мекеменің басшысы: «Қалеке, «Құрмет» орденін тақтыңыз, бір ауыз лебіз айтсаңызшы», - дегенде, «Мен не дейін, жұрт көріп отыр ғой, кімде құрмет жоқ, кімде парасат жоқ екенін», - деді де, мінбеден түсе берді. Жұрт ду қол соқты. Қара тобырдың қолынан қол соққаннан басқа не келсін...».

Мұса үйіне жақындап қалды. Зайыбына домбыра туралы естіген жақсы сөзін жеткізіп, ауру көңілді бір ауыз жылы сөзбен емдеуге асығып келеді. Зайыбы кітапханашы еді, бір жыл болды, екі аяғын әрең басып, қолтықтап жүретін халге түсті, әйтеуір тілі бар. Жақсы сөз естісе жадырап қалады, газет-журналға көз жүгіртіп, бұрынғыдай кітап «кеміре» алмайды, «жанарым бұлдырап, талып кетеді» дейді. Мұсаның жақсы сөзін естуге жолын тосып отырады. Құлыпты екі бұрап, есікті ашты. Жым-жырт. Дәліздің шамы жанып тұр. Жатын бөлме көлеңке, жақындай бергенде еденде қырынан

түсіп құлап жатқан зайыбын көрді. Ол күйеуіне қарап сұқ саусағын әрең көтеріп, ерніне тигізді, сосын құлағын көрсетті. Бұл – «айтар сөзің болса айта бер, тыңдаймын» деген белгісі еді. Балалығы бойынан кетпеген сәби көңіл Мұса не істерін білмей аңырып тұрып қалды да, еркектікке салып, екі қолтығынан алып, елу жыл отасқан жарын әрең көтеріп, төсегіне жатқызды. Ол төсекке жатқасын сұқ саусағы дірілдеп, бозарып кеткен өрні мен сырғасы жоқ құлағын көрсете берді. Біраздан кейін тілге келді. - «Сарыжайлауды» тартшы, - деді күбірлеп.

Мұса әп-сәтте мүсәпір боп қалған серігінің айтқанын екі етпеді, домбыраны алып, Тәттімбеттің «Сарыжайлауын» шертті. Дариға дірілдеп, сәл басын изегендей болды да, көзін жұмды. Сарыжайлау дәурен өздерінен алыстап бара жатқанын сәби көңіл күйші сезе қоймады, өзінің ақ ниет, әпенді қылығына салып, домбырасын шертіп болды да, көзі жұмылған зайыбына: «Болды, бүгінге жетер», - деді. Ол да: «Болды», - деп күбірледі. «Осы мен неге жедел жәрдем шақырмаймын?» Зайыбының бозарып кеткен өңіне қарап тұрып, қалта телефон ұстамайтын басы қалалық телефонның құлағын көтерді. Асып-сасып 03-ті теріп еді, зың-зың еткен дыбыс қайталана берді. Көз алдына көшеде бәрін басып озып, ысқырып бара жатқан бүйірінде 103 деген жазуы бар томпақ машина елестеп кетті де, 103-ті терді. «Скорый», - деді қыз дауыс. Бұл мекен-жайын айтты. «Что случилось?» - дегенде, не дерін білмей: «Техело, техело», - деп орысшаны белін майыстырып қайталай берді, соңын: «Очень техело», - деп бір-ақ қайырды. Жарты сағатқа жетпей аққа оранған бір жігіт пен бір қыз жетіп келді. Тамырын ұстап, жүрегін тыңдады, көзін ашып, қарашығына үңілді.

- Жағдайы критический, - деді еркегі шорт кесіп. - Ауруханаға алып кетеміз. - Тірі ме? - деді Мұса. - Жағдайы ауыр. Комаға түскен. Еркек дәрігер ортасынан бүктеулі былғары зембілді алып кеп бүктеуін жазды да, қимылсыз қалған Дариғаны салып ап зембілдің алдына түсіп, есіктен шыға берді. - Мен не қыламын? - деді Мұса әбіржіп. - 6-шы ауруханаға келіңіз. Дайындықсыз болмаңыз. Екі ақ желең міндеттерін өтеп, әйелді алып, еркекті тастап, томпақ машина ысқырығы жер жапыр жүйткіп кете берді.

«Ертең тәуелсіздік күні ғой» - деп күбірледі Мұса томпақ мәшиненің соңынан телміре қарап тұрып. - Бұл қалай болды өзі? Дариға қайда кетіп бара жатыр? Жаңа ғана «Сарыжайлауды» тартқанда басын изегендей болып еді. Сарыжайлау дәуреннің біткені ме?» Талантты адамда туыс аз, дос сирек. Сырын жасырмай айтып, анда-санда хабарласып тұратын, аға тұтып жүрген ауылдас кісіге телефон соқты. Ол да қалта телефон ұстамайтын біреу. Зың-зың еткен жіңішке дыбыстан кейін: «Иә» деген қарлығыңқы дауыс шықты. - Қадеке, келініңізді алып кетті. Жағдайы нашар дейді. Мен сенбей тұрмын. Жаңа ғана «Сарыжайлауды» тартып бергем... - Дәрігер кеп алып кетті ме? - Иә, зембілге сап алып кетті. 6-шы бөлниске... Дариғаның сырқатынан хабардар кісі алқынып тез-ақ жетті. - 6-шы аурухана дедің бе? - Иә... - Мұсаның даусы әрең шықты. Такси ұстап, екеуі 6-шы ауруханаға жетті. Бас дәрігердің орынбасары анығын айтты. Кеңейген жүрек талмасы. Палатаға кіргізе бергенде жүріп кетіпті. - Өлім туралы анықтаманы дайындап жатырмыз. Мәйітті ертең аласыздар, - деді аспай-саспай. - Ертең тәуелсіздік күні емес пе? - Мұса жіңішке даусымен жабығып тұрып тіл қатты. - Өлім ештеңеге қарамайды, - деп көргені көп жанашыры әбіржіп тұрған жігітке одырая қарады.

Кешке таман Мұсаның қоңыр телефоны шыр етті. - Мұса, саған «Барыс» ордені беріліпті ғой. Екінші дәрежелі. Жаңа ғана «Хабардың» соңғы жаңалықтарынан айтты. - Жанашыр ағасының даусы жарқын шықты. - Музыкаға сіңірген еңбегі үшін, - деді. Ол жақта біреуің бар ма еді? - Қай жақта? - Өй, сен де бір... Жақсы, қазір жетем. Ақтықты дайындайық, қызыңды шақыр, үйдің ішін тазалап қойсын. Мұса жүрек тұсына қол тигізіп отырып қалды. «Жаңа жанашыр көкем не деді? Бұл не сөз? «Барыс» дейді, қайдан келген барыс? «Ол жақта біреуің бар ма еді?» - дейді. Менде домбырадан басқа не бар?» - деп аң-таң қалып тұрғанда қоңыр телефон тағы да шыр етті. - Бұл қалалық әкімшіліктен. Ертең сізге «Барыс» орденін тапсырамыз. Сағат 10-да Достық Үйіне келіңіз. Кешікпеңіз. - Менің әйелім о дүниелік болды. Ертең жаназасы. - Жаназаны кейінге қал-

дырыңыз. Салтанат тәуелсіздік күніне орайластырылып отыр. Тағы хабарласам. Екі жақ та жым-жырт қалды. Мұса аспаннан түскендей аң-таң.. Әкімшіліктің дегені болды. Мәйіт үйге бір түнеп, Кеңсайдан мәңгілік мекенін тапты. Мұса кеудесіне ілінген сегіз бұрышты дөңгелек марапатты таққан күйі мең-зең күй кешіп жүр. «Осыны Дариға көрмей кетті-ау», - деп өксіп те алды. «Жұрт көрсін, қара жаяу емес екенімді білсін», - деп әпенді көңіл өзін-өзі қатайтып та қойды. Көргені көп жанашыр ауылдасының «Ана жақта біреуің бар ма еді?» - деген сөзі де құлағынан ызыңдап кетпей қойды. «Менде қара домбырадан басқа не бар?» - деп өз-өзіне жауап берді де, кешегі тойда «Адайды» тартқызып, парасат туралы сөз айтқан кісі көз алдына кеп тұра қалды. «Не де болса бар бәле сонан келді-ау деймін, аузы дуалы, жоғарыда сөзі өтер біреуі бар шығар. Не де болса өнердің жанашыры...». Кеңсайға мәйітті жерлеп, құран бағыштап, ас бермекке «Жұлдыз» мейрамханасына кіре бергенде, қарсы алдынан шыққан әнші жігіт: «Жеңейдің арты қайырлы болсын!» - деді де: «Барысыңыз» құтты болсын!» - деп кеудесіне көзін сата қарады. «Мынау маған көңіл айтып тұр ма, құттықтап тұр ма?» Жұрт жайғасып, марқұмның жақсы қасиеттерін айтып жатты, әсіресе көз көргендер кітапқұмарлық қасиетін ерекше бағалады, тағы біреу: «Дәл тәуелсіздік алған күні жарынан айрылып, кеудесіне «Барыс» орденін тақты», - деп айтып салды. Мұсаның бала көңілі тағы да босап кетті. «Осыны Дариға көрмей, мына жұрт көріп отыр ғой». Әлгі біреу әлі сөйлеп тұр. «Мұсадай дәулескер күйше осы марапат әлдеқашан берілуі керек еді», - деп сөзін аяқтады. Мұсаның көзінен бір тамшы жас ыршып кетіп, басын төмен игенде сегіз қырлы марапаттың бір ұшы жасқа малынды. «Осыны тақпай-ақ қойсам қайтеді», - деп түйреушінің ұшын іздеп түртінектей бергенде қасында отырған жанашыр көкесі шаңқ етті. - Қолыңды тарт! Қатыны өлген жалғыз сен емес. Жылама! Тиме «Барысқа!» Жүрегі жаралы Мұса қолын тартып ап тіктеле қалды. Көңіл айтқандар сөз шіркінді түйдек-түйдегімен бора-тып жатыр. Есіктен екі күн бұрын «Төремұратты» тамсана тыңдап, «Адайды» тартқызған кісі тіп-тік боп кіріп келе жатыр. «Бұл қайдан жүр? Өлімнің хабарын кімнен естіді екен?» Кешелі бергі елес тірі сұлбаға айналып, дегбір кеткен күйші бір отырып, бір тұрды.

Adebiportal.kz

АҚ ТАРЫНЫҢ АТАСЫ - ТУҒАН ӨЛКЕМІЗДІҢ МАҚТАНЫШЫ!

Биыл халқымыздың біртуар перзенті, «Ақ тарының атасы» атанған Шығанақ Берсиевтің туғанына 145 жыл толып отыр. Бұл – туған жеріміздің даңқын асырған, адал еңбегімен әлемге танылған тау тұлғаны ұлықтап, оның өнегелі өмірін кейінгі ұрпаққа насихаттайтын тағылымды мереке.

Шығанақ Берсиев – Ойыл ауданының Қаратал өңірінде дүниеге келген, туған жеріміздің мақтанышы, халқымыздың біртуар перзенті, еңбекпен елге үлгі болған тау тұлға. Оның есімі аталған сайын көз алдымызға маңдай терін төгіп, жердің тілін тапқан, елдің қамын жеген еңбек адамы келеді.

Мектепте оқып жүрген кезімізде қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі Саламат ағай Шығанақ ағамыз туралы ерекше тебіреніспен әңгімелейтін. Ол кісінің айтуынша, Ұлы Отан соғысы жылдарында Шығанақ ағамыз өсірген тары вагон-вагон болып майданға жөнелтіліп отырған. Майдандағы жауынгерлердің азығына айналған сол тары талай сарбазға күш-қуат беріп, жеңіске деген сенімін арттырды. Сондықтан халық арасында: «Шығанақтың тарысының әр түйірі жауға атылған оқпен тең болды» деген сөз бекер айтылмаған.

Соғыс пен аштық жайлаған қиын кезеңде Шығанақ атаның еңбегі мыңдаған адамның

өмірін сақтап қалды. Оның өсірген тарысы талай отбасының ырысы, талай адамның наны болды. Бұл – бір адамның ғана емес, тұтас елдің тағдырына әсер еткен еңбек еді.

Әкемнің бала күнгі естеліктері де осы ойды айқындай түседі. Ол Шығанақ атаның егістігінде масақ тергенін жиі айтатын. «Тарының әр дәні күріштей ірі болатын. Қазіргі ондай тарыны көрмейміз», – деп еске алатын. Бұл – жерді жанындай сүйген диқанның ерен еңбегінің нәтижесі.

Ел ішінде Шығанақ ата туралы «күндіз-түні тыным таппай еңбек ететін» деген әңгімелер көп айтылады. Кейде жұмыстың қызған шағында үйіне барып тынығуға да уақыт болмай, егістік басындағы түнегінде қонып, таң ата қайтадан еңбекке кірісетін болған екен. Ол үшін ең бастысы – елдің қамы, жердің берекесі еді.

Шығанақ Берсиевтің өмір жолы – адал еңбек пен табандылықтың, туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі. Осындай ұлы тұлғаны дүниеге әкелген Қаратал өңірінің перзенті екенімізді әрдайым мақтан тұтамыз. Ұрпақ санасында оның есімі мәңгі сақталып, еңбегі елге өнеге болып қала беретіні сөзсіз.

Рақима МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ, Ш. Берсиев атындағы ауылдық модельді кітапханасының кітапханашысы.

Жаңа бюллетень, дауыс берушілер тізімі: сайлауға дайындық қалай жүріп жатыр?

Конституциялық заңға сәйкес 2 тамызда өңірлердің әкімдіктері әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылар тізімдерін учаскелік сайлау комиссияларына ұсынды. Сайлаушылар тізімдерінің электрондық нұсқалары тиісті аумақтық сайлау комиссияларына берілді. Осылайша, заңнамада белгіленген кезекті кезең бойынша жұмыс толық орындалды.

Кеше елордада өткен Орталық сайлау комиссиясының отырысында ОСК төрағасы Нұрлан Әбдіров сайлаушыларды ақпараттандыру жұмыстарын дауыс беру күніне дейін жүйелі түрде жалғастыру керек екенін атап өтті.

— Ендігі міндет — сайлаушылар тізімдерінің толықтығы мен дұрыстығын қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштерін бойынша енгізілетін өзгерістерді уақытылы қарау және оларды тізімдерге енгізу, — деді ол.

12,6 млн. сайлаушы бар ОСК мүшесі Азамат Айманакұмовтың айтуынша, сайлаушылардың тізімін қалыптастыру Орталық сайлау комиссиясының 1 шілдедегі алғашқы отырысында берілген қаулысына сәйкес жүзеге асты.

— Жергілікті атқарушы органдар 2 тамызда, яғни дауыс беруге 20 күн қалғанда сайлаушылардың тізімін сайлау комиссияларына ұсынды. Кеше барлық актіні жинақтадық. Бүгін жергілікті атқарушы органдардың өкілдері осы деректерді әжірлады. Жиынтық ақпаратқа қарағанда, 12 млн 605 мың 788 сайлаушы тізімге енгізілген, — деп нақтылады Азамат Айманакұмов Орталық сайлау комиссиясының отырысында.

Ең көп сайлаушы Астана мен Алматы қалаларында, Алматы және Түркістан облыстарында тіркелді.

Сайлау комиссиялары жұмысына кірісті

Нұрлан Әбдіров осы аптадан бастап ортастайлауком мүшелері өңірлерге инспекциялық сапарға шығатындығын атап өтті. Олар барлық облыс пен республикалық маңызы бар қалаларда болып, алдағы науқанға инфрақұрылымның дайындығын тексеретін бола-



ды.

— Бүгіннен бастап учаскелік сайлау комиссиялары өз жұмысына кірісті. Барлығы 10 400-ден астам сайлау учаскесі ашылды. Сайлауды ұйымдастыруға мүшелерінің жалпы саны 71 мың адам болатын 10 600-ден астам комиссия тартылатын болады. 4-17 тамыз аралығында біз Орталық сайлау комиссиясының мүшелерімен және аппарат қызметкерлерімен бірге еліміздің барлық 20 өңіріне инспекциялық сапарларға шығамыз. Осы сапарлар барысында сайлау учаскелерінің дайындығы, олардың материалдық-техникалық қамтамасыз етілуі, сайлаушыларды ақпараттандыру жұмысының ұйымдастырылуы, Салл-орталықтардың қызметі бағаланатын болады. Сонымен қатар, өңірлерге жасалатын инспекциялық сапарлар барысында аумақтық сайлау комиссияларының жұмысына, оның ішінде сайлау комиссиялары мүшелерін оқыту барысына да ерекше назар аударылады, — деді Нұрлан Әбдіров.

ОСК Төрағасы 7 тамыздан бастап әрбір сайлаушыға дауыс беруге қатысу құқығы бар азаматтардың тізіміндегі өзі туралы деректердің дұрыстығын тексеру мүмкіндігі берілетінін еске салды. Егер қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, сайлаушы дереу учаскелік сайлау комиссиясына жүгіне алады. Мұндай өтініштер келіп түскен күні дереу қаралады.

Бюллетень нұсқасы таныстырылды

ОСК мүшесі Михаил Бортник

«ОЙҰЛ ЛІВЕ» - КӨНІЛДІ КЕШТІ БІРГЕ ӨТКІЗЕІК!



Ойыл селосында тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, мәдени өмірге белсенділігін арттыру және шығармашылық ортаны дамыту мақсатында Тәуелсіздіктің 20 жылдығы атындағы саябақта «Oyul Live» мәдени жобасының жаңа маусымы салтанатты түрде ашылды.

Жобаның ашылу салтанатында аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары көпшілікке концерттік бағдарлама ұсынып, әсем әндер мен көркем музыкалық шығармаларды орындады.

Ашық аспан астында өткен, көш көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлап, аудан тұрғындарының ыстық ықы-

ласына бөлелді.

«Oyul Live» – аудан тұрғындарының мәдени демалысын мазмұнды ұйымдастыруға бағытталған дәстүрлі жоба. Бұл бастама жергілікті өнерпаздардың шығармашылығын насихаттап қана қоймай, тұрғындар мен қонақтардың басын қосатын, рухани құндылықтарды дөріптейтін мәдени алаңға айналмақ.

Ойыл ауданы әкімдігі барлық тұрғындарды әр жұма сайын Орталық саябақта өтетін «Oyul Live» мәдени-музыкалық кештеріне қатысуға шақырады. Бірге ән тыңдап, көтеріңкі көңіл күй сыйлайтын жазғы кештердің сәнін бірге келтірейік!

сайлаушылардың санына тең мөлшерде әзірленеді. Осыған байланысты дауыс беру бюллетеньдері 12 731 847 дана көлемінде дайындалады. Сайлаудағы онлайн-сервистер

Қазақстанда сайлаушыларға арналған онлайн-сервистер іске қосылады. Осы сервистердің көмегімен учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері азаматтың тіркелген мекенжайын тексере алады. Бұл оны сайлаушылар тізіміне енгізу үшін қажет. Ол үшін азамат тиісті өтінішпен жүгінуі тиіс. Екінші сервис тіркеуі жоқ азаматтарға сайлау учаскесінің мекенжайы бойынша уақытша тіркеуге тұруға мүмкіндік береді. Аталған екі сервис те қазақстандықтардың сайлау құқығын іске асыруына жәрдемдесуге бағытталған.

ОСК төрағасының орынбасары Мұхтар Ерманның сөзіне қарағанда, eGov порталы арқылы сервиске қол жеткізу құқығы берілген учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері азаматтың жазбаша өтініші негізінде оның тұрақты тіркелген мекенжайы туралы мәлімет ала алады. Егер өтініш берушінің тұрақты тіркелген тұрғылықты жері тиісті сайлау учаскесінің шекарасы аумағында екені расталса, комиссия оны сайлаушылар тізіміне енгізу туралы шешім қабылдайды. Бұл сервис 5106 сайлау учаскесінде қолданыста. Сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығарылған және бұрын сайлаушылар тізіміне енгізілмеген азаматтардың сайлау құқығын іске асыру мақсатында дауыс беру күні оларды сайлау учаскесі орналасқан мекенжай бойынша уақытша тіркеуге жол беріледі. Айта кетейік, бүгінге дейін Орталық сайлау комиссиясы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан 251 халықаралық байқаушыны аккредиттеуді ұсыныстар келіп түскен сайын халықаралық байқаушылар туралы мәліметтер жаңартылып отырады.

Руслан ҒАББАСОВ,
kaz.inform.kz

EGOV BUSINESS ҚОСЫМШАСЫНДА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ ҮЛЕСІН СЕНІМГЕРЛІК БАСҚАРУҒА БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ЕНДІ ҚОЛЖЕТІМДІ

eGov Business мобильді қосымшасында кәсіпкерлерге арналған «Жарғылық капиталдың үлесін сенімгерлік басқаруға беру» атты жаңа мемлекеттік қызмет іске қосылды.

Сенімгерлік басқару қызметі меншік иесі өз үлесіне құқығын сақтай отыра, уақытша басқа тұлғаның басқаруына берген жағдайда қолданылады. Барлық өзгерістер ресми түрде рәсімделіп, мемлекеттік ақпараттық жүйелерінде тіркеледі.

eGov Business қосымшасы арқылы қызметті алу үшін:

- eGov Business мобильді қосымшасына авторизациядан өту;
- «Қызметтер санаттары» – «Құқықтық қатынастар» бөліміне өту;
- «Жарғылық капиталдың үлесін сенімгерлік басқаруға беру» қызметін таңдап, өтініш түрін таңдау;
- заңды тұлғаның БСН-ын, құрылтайшы-сенім білдірушінің ЖСН/БСН-ын және сенімгерлік басқарушының ЖСН/БСН-ын енгізу;
- үлес мөлшерін пайызбен және теңгемен, беру мерзімін (оның ішінде мерзімсіз), сондай-ақ сенімгерлік басқаруға беру туралы құжаттың нөмірі мен күнін көрсету;
- құжаттың PDF форматындағы сканерленген көшірмесін тіркеу;
- өтінішке қолжетімді тәсілдердің бірімен қол қою;
- өтініштің қаралу мәртебесін «Хабарламалар» – «Қызметтер тарихы» бөлімінен қадағалау қажет.

««Біз eGov Business қосымшасының мүмкіндіктерін үнемі кеңейтіп келеміз. Бұл кәсіп-

керлерге артық бюрократиялық рәсімдерсіз көптеген қызметті онлайн алуға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда қосымша кәсіпкерлер арасында кеңінен қолданылып келеді. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында 107 мыңнан астам шағын және орта бизнес өкілі тіркеліп, 1,4 млн-нан астам қызмет көрсетілді. Енді қосымшада жарғылық капиталдағы үлесті сенімгерлік басқаруға беру бойынша тағы бір маңызды корпоративтік қызмет қолжетімді болды. Бұрын бұл рәсім көп уақыт пен жеке қатысуды талап етсе, енді оны смартфон арқылы бірнеше қадаммен рәсімдеуге болады. Бұл кәсіпкерлердің уақытын үнемдеп, бизнесті жүргізу үдерісін одан әрі жеңіл әрі ыңғайлы етеді», – деп «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Басқарма Төрағасының Орынбасары Шыңғыс Оразалимов атап өтті.

Қызмет көрсету мерзімі 3 жұмыс күніне дейін. Қызмет нәтижесін өтінімнің мәртебесі парақшасынан және eGov Business қосымшасының «Хабарламалар» – «Қызметтер тарихы» бөлімінен көруге болады. Қызмет тегін көрсетіледі.

Аталған қызмет ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Әділет министрлігі және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ-ның бірлескен жұмысының нәтижесінде іске асырылды.

Анар МАГЗУМОВА,
«ҰАТ» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.

В EGOV BUSINESS СТАЛА ДОСТУПНА УСЛУГА ПО ПЕРЕДАЧЕ ДОЛИ ЮРИЦА В ДОВЕРИТЕЛЬНОЕ УПРАВЛЕНИЕ

В мобильном приложении eGov Business появилась новая госуслуга для предпринимателей «Передача доли уставного капитала в доверительное управление».

Доверительное управление применяется в случаях, когда собственник временно передает управление своей долей другому лицу, сохраняя при этом право собственности. Все изменения оформляются официально и вносятся в государственные информационные системы.

Для получения услуги в eGov Business необходимо:

- авторизоваться в мобильном приложении eGov Business;
- перейти в раздел «Категории услуг» – «Правовые отношения»;
- выбрать услугу «Передача доли ЮЛ в доверительное управление» и указать тип заявления;
- указать БИН юридического лица, ИИН/БИН учредителя-доверителя и ИИН/БИН доверительного управляющего;
- указать долю в процентах и теңге, срок передачи (в том числе бессрочно), номер и дату документа о передаче;
- прикрепить сканированную копию документа в формате PDF;
- подписать заявление одним из доступных способов;
- отслеживать статус рассмотрения в разделе «Сообщения» – «История услуг».

«Мы постоянно расширяем возможности приложения eGov Business, чтобы предприниматели могли решать

больше вопросов онлайн, без лишней бюрократии. Сейчас приложение набирает популярность среди предпринимателей и в 1 полугодии 2026 г. зарегистрировалось более 107 тыс. представителей малого и среднего бизнеса, и оказано более 1,4 млн услуг. Теперь в приложении доступна еще одна важная корпоративная услуга по передаче доли в уставном капитале в доверительное управление. Раньше для этого требовалось больше времени и личного участия, а всю процедуру можно пройти прямо со смартфона. Это экономит время и делает ведение бизнеса проще и удобнее», – отметил Заместитель Председателя Правления АО «Национальные Информационные Технологии» Шынғыс Оразалимов.

Срок оказания услуги составляет не позднее 3 рабочих дней. Результат услуги можно посмотреть на странице Статуса заявки и в разделе «Сообщения – История услуг» приложения eGov Business. Услуга предоставляется бесплатно.

Внедрение услуги стала результатом совместной работы Комитета государственных услуг Министерства искусственного интеллекта и цифрового развития Республики Казахстан, Министерства юстиции Республики Казахстан и АО «Национальные информационные технологии».

Анар МАГЗУМОВА,
Департамент корпоративных коммуникаций АО «НИТ».

Ойыл аудандық ардагерлер Кеңесі мен мүгедектер қоғамы Ойыл ауданының бұрынғы тұрғыны, ұзақ жылдар ауданның әлеуметтік қамсыздандыру саласында еңбек еткен еңбек ардагері

Күләш Ғафуетқызы Өтелиеваның

дүниеден озуына байланысты оның ағайын-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.